

Кеме экипажының ең аз құрамына қойылатын талаптарды белгілеу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 28 маусымдағы № 726 Қаулысы . Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 10 тамыздағы № 624 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 10.08.2015 № 624 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

«Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 17 қаңтардағы Заңының 4-бабы 2-тармағының 25) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған кеме экипажының ең аз құрамына қойылатын талаптар бекітілсін .

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі
К. Мәсімов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2011 жылғы 28 маусымдағы
№ 726 қаулысымен
бекітілген

Кеме экипажының ең аз құрамына қойылатын талаптар

1. Осы кеме экипажының ең аз құрамына қойылатын талаптар (бұдан әрі - Талаптар) кеме экипажының ең аз құрамына қойылатын талаптарды белгілейді, ол кеме жүзуінің қауіпсіздігін және қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ету үшін қажет .

2. Талаптар Қазақстан Республикасының Теңіз кемелерінің мемлекеттік кеме тізілімінде, бербоут-чартер тізілімінде және халықаралық кеме тізілімінде мемлекеттік тіркеуге жататын өздігінен жүретін кемелерге қолданылады.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 23.04.2014 № 388 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

3. Экипаждың ең аз құрамына мынадай лауазымдар кіреді, олардың саны осы талаптарға 1-қосымшаға сәйкес кеме экипаждарының ең аз құрамының

нормативіне сәйкес белгіленеді:

1) к а п и т а н ;

2) капитанның аға көмекшісі;

3) капитанның вахталық көмекшісі;

4) а ғ а м е х а н и к ;

5) алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 23.04.2014 № 388 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) ;

6) в а х т а м е х а н и г і ;

7) алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 23.04.2014 № 388 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) ;

8) палубалық команданың қатардағы құрамы;

9) машиналық команданың қатардағы құрамы.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 30.07.2012 № 1002 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен; өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 23.04.2014 № 388 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

4. Кеме экипажы құрамының осы Талаптарға сәйкестігі кеменің мемлекеттік тіркелуі жүзеге асырылған теңіз портының капитаны үш жыл мерзімге Талаптарға қосымшаға сәйкес нысан бойынша беретін Кеме экипажының ең аз құрамы туралы куәлікпен расталады.

5. Кеме экипажының саны кеме экипажының ең аз құрамы туралы куәлікте көрсетілгеннен кем болған кезде, мынадай мән-жайлардың бірінің болуын қоспағанда, кеменің теңізге шығуына жол берілмейді:

1) кеме экипажы мүшесінің қайтыс болуы;

2) кеме экипажы мүшесінің кемеден тыс емдеуді талап ететін ауруы немесе ж а р а қ а т ы ;

3) «Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы» 2002 жылғы 17 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы 27-бабының 1-тармағында көрсетілген жағдайларда кеме экипажы мүшесінің репатриациясы;

4) экипаж мүшесінің рейске шығуға объективті мүмкіндігінің болмауы (құқық қорғау органдарының ұстауы, хабар-ошарсыз жоғалып кетуі, кеменің рейске тағайындалған шығу уақытына қарай кемеге оралмауы, құжаттарды ж о ғ а л т у ы) .

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 23.04.2014 № 388 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

5-1. Кеме экипажының ең аз құрамы туралы куәлікте көрсетілгендердің қатарынан кеме экипажының бір мүшесі болмаған кезде осы Талаптардың 5-тармағында көрсетілген мән-жайлар кезінде теңіз портының капитаны кемеге осы Талаптарға 3-қосымшаға сәйкес ерекше жағдай туралы куәлік береді.

Ерекше жағдай туралы куәлікті алу үшін кеме капитаны кеменің рейске алғашқы тағайындалған шығу сәтінен кейін 4 сағат өткен соң кеме иесімен келісу бойынша теңіз портының капитанына мыналарды көрсетіп, еркін нысанда өтініш б е р е д і :

- 1) кеменің атауы, шақыру сигналы, жалпы сыйымдылығы, Халықаралық Теңіз Ұйымының (ІМО) нөмірі;
- 2) кеме экипажының келмей қалған мүшесінің лауазымы;
- 3) кеме экипажы мүшесінің келмей қалу себебі;
- 4) кеме экипажының келмей қалған мүшесінің лауазымдық міндеттерін кеме экипажының басқа мүшелері арасында қайта бөлу;
- 5) кеме экипажының келмей қалған мүшесін қоспағанда, кеме экипажы мүшелерінің с а н ы ;
- 6) кеменің порттан шығу күні;
- 7) кеменің алдағы рейсінің егжей-тегжейі.

Теңіз портының капитаны өтініш берілген сәттен бастап 20 сағаттан кешіктірмейтін мерзімде кеме капитанына ерекше жағдай туралы куәлікті береді.

Ерекше жағдай туралы куәлік берілген сәттен бастап 10 жұмыс күнінен аспайтын мерзімге беріледі.

Кеме экипажының келмей қалған мүшесінің міндеттерін қайта бөлу экипаж мүшелерінің вахта қызметін атқаруының үздіксіздігін қамтамасыз ету және олардың тынығуының Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасында белгіленген ең аз уақыты ескеріле отырып, жүргізіледі.

Ескерту. Талаптар 5-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 23.04.2014 № 388 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

6. Кеме экипажының ең аз құрамына жолаушыларға қызмет көрсететін жұмыскерлер, кемелердің командалық құрамы және кеме командасы кірмейді.

7. Тез бүлінетін жүктерді тасымалдайтын кемелерде кеме экипажының ең аз құрамында рефрижераторлық қондырғылар жөніндегі механиктің лауазымы кө з д е л е д і .

Басты дизель-электр қондырғысы бар кемелерде кеме экипажының құрамына жолаушылар кемесінде екі электр механигі және басқа үлгідегі кемелерде бір электр механигі кіргізіледі.

«Aut» нышаны жоқ, қызмет көрсететін бір немесе екі құрылғылар мен жүйелер бойынша автоматтандыру талаптарын қанағаттандырмайтын кемелерде

кеме экипажының құрамы қатардағы құрамның бір мүшесіне ұлғайтылады.

«Aut» нышаны бар, қызмет көрсететін бір немесе екі құралдар мен жүйелер бойынша автоматтандыру талаптарын қанағаттандырмайтын кемелерде экипаж құрамы тиісті мамандығы бар бір маманға арттырылады.

Ескерту. 7-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 30 шілдедегі № 1002 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

8. Кеме экипажынсыз пайдаланылатын екі және одан көп кемелерді сүйрегіш кемелермен сүйреуді жүзеге асыру кезінде, сүйрегіш кеме экипажының штатына әрбір екі кемеге қатардағы құрамның бір адамы қосылады.

Ұзындығы 75 метрден артық өздігінен жүзетін кемелердің немесе 75 метрден артық құрамның жұмысы кезінде кемеңің (құрамның) алдыңғы немесе артқы жағында бір мезгілде арқандап байлауды (арқанды шешуді) қамтамасыз ететін қатардағы құрамның саны кемінде екі адамды құрайды.

Ескерту. 8-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 23.04.2014 № 388 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

9. Осы Талаптарды есепке ала отырып, кеме иесі кемеге оны пайдалануға енгізгенге дейін берілетін экипаждың штаттық кестесін әзірлейді және бекітеді.

К е м е э к и п а ж ы н ы ң е ң а з құ р а м ы н а
қ о й ы л а т ы н т а л а п т а р ғ а

1-қосымша

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 23.04.2014 № 388 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Кеме экипажының ең аз құрамының нормативтері

К е м е экипажының лауазымдық құрамы	Жалпы сыйымдылығы 500 тіркелімдік тоннаға дейін		Жалпы сыйымдылығы 500-ден артық 3000 тіркелімдейін			
	Aut белгісі бар кемелер		Aut белгісі жоқ кемелер		Aut белгісі бар кемелер	
	Жағалаудағы жүзу		Жағалаудағы жүзу		Жүзу ауданы шектелмеген	

	3 ауысымдық	2 ауысымдық	3 ауысымдық	2 ауысымдық	3 ауысымдық	3 ауысымдық	2 ауысымдық	3 ауысымдық
1	2	3	4	5	6	7	8	9
Капитан	1	1	1	1	1	1	1	1
Капитанның аға көмекшісі	1	1	1	1	1	1	1	1
Капитанның вахталық көмекшісі	1	-	1	-	1	1	-	1
Аға механик	1	1	1	1	1	1	1	1
Вахта механигі	1	-	1	-	1	1	1	2
Палубалық команданың қатардағы құрамы	3	2	3	2	3	3	2	3
Машиналық команданың қатардағы құрамы	-	-	-	-	-	-	-	-
Барлығы	8	5	8	5	8	8	6	9

Кеме экипажының ең аз құрамына қойылатын талаптарға

2-қосымша

Ескерту. 2-қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 30 шілдедегі № 1002 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН REPUBLIK OF KAZAKHSTAN

(Қазақстан Республикасының Елтаңбасы) КЕМЕ ЭКИПАЖЫНЫҢ ЕҢ АЗ ҚҰРАМЫ ТУРАЛЫ КУӘЛІК СВИДЕТЕЛЬСТВО О МИНИМАЛЬНОМ СОСТАВЕ ЭКИПАЖА THE CERTIFICATE ON THE MINIMAL STRUCTURE OF CREW

Түзетулерімен 1974 жылғы Теңіздегі адам өмірін қорғау жөніндегі халықаралық конвенцияның V/13 (2) қағидасының ережелері және 1999 жылғы 25 қарашадағы IMO A. 890 (21) қарарлары негізінде берілді.

Выдано на основании положений Правил V/13 (2) Международной конвенции по охране человеческой жизни на море 1974 года с поправками и резолюции IMO A.890 (21) от 25 ноября 1999 г.

Issued under the provision of regulation V/13 (2) of the International convention for the safety of life at sea 1974, as amended and IMO Resolution A.890 (21) adopted on 25 November 1999 under the authority of the Government of Republic of Kazakhstan

Кеме туралы мәліметтер

Сведения о судне

Particulars of ship

1. Кеменің атауы _____

Название судна. _____

Name of the ship. _____

2. Тіркеу нөмірі немесе шақыру дабылы _____

Регистровый номер или позывной сигнал _____

Distinctive number or letters _____

3. IMO нөмірі _____

Номер IMO _____

IMO number _____

4. Тіркеу порты _____

Порт приписки _____

Port of registry _____

5. Ж а л п ы с ы й ы м д ы л ы ғ ы :

1969 жылғы Кемелерді өлшеу жөніндегі халықаралық конвенция бойынша _____

В а л о в а я в м е с т и м о с т ь :

По Международной конвенции по обмеру судов 1969 года _____

G r o s s t o n n a g e :

International Tonnage Convention, 1969 _____

6. Негізгі қозғалтқыш құрылғысының қуаттылығы, кВт _____

Мощность главной двигательной установки, кВт _____

Main propulsion power, kW _____

7. Кеменің үлгісі _____

Тип судна _____

Type of ship _____

8. Кезеңмен вахтасыз қызмет көрсететін машиналық үй-жай _____

Машинное помещение с периодически безвахтенным обслуживанием _____

Periodically unattended machinery space _____

9. Жүзу ауданы _____

Район плавання _____

Trading area _____

Осы құжатта көрсетілген кеме, егер теңізге шыққан кезде бортында төмендегі кесте(лер)де көрсетілген персонал санынан және лауазымдарынан/шендерінен кем емес экипажы бар болса, ол жасақталған экипаж болып саналады.

Указанное в данном документе судно считается укомплектованным экипажем, если при выходе в море оно имеет на борту экипаж с количеством и должностями/званиями персонала, не менее того, что указано в таблице(ах) ниже:

The ship named in this document is considered to be safely manned if, when in proceeds to sea, it carries not less than the number and grades/capacities of personnel in the table (s) below:

Сыртқы беті

Оборотная сторона

Back

Лауазымы/шені Должность/звание Grade/capacity	Диплом (ПДМНВ конвенциясының қағидасы) Диплом (Правило Конвенции ПДМНВ) Certificate (STCW regulation)	Тұлғалардың саны Число лиц Number of persons
Капитан Капитан Master		
Капитанның аға көмекшісі Старший помощник капитана Chief mate		
Вахта капитанының көмекшісі Вахтенный помощник капитана Rotation captain mate		
Аға механик Старший механик Chief engineer		
Екінші механик Второй механик Second engineer		
Вахта механигі Вахтенный механик Watch mechanic		
Электромеханик Электромеханик Electric engineer		

Қатардағы Рядовой Rank and file	құрам состав		
Кеме Судовой Ship's cook	аспазы повар		

Кестеде көрсетілген экипаж мүшелерінің біліктілігі мен саны 1999 жылғы 25 қарашадағы ІМО А.890 (21) қарарына сәйкес кемеңіз, адамдардың, жүктің және қоршаған ортаның қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.

Квалификация и число членов экипажа, указанные в таблице, обеспечивают безопасность судна, людей, груза и окружающей среды в соответствии с резолюцией ІМО А.890 (21) от 25 ноября 1999 года.

The grades and number of personnel shown in the table safe Manning of the ship, life, cargo and environment in accordance with Resolution IMO A.890 (21) adopted on 25 November 1999.

Ерекше талаптар немесе шарттар, егер болса _____

Особые требования или условия, если таковые имеются: _____

Special requirements or conditions, if any _____

Теңіз портының капитаны берген _____

Выдан капитаном морского порта _____

Sea harbour Master _____

Қолы _____

Мөрі

Подпись _____

Печать

Signature _____

Seal

Берілген мерзімі _____ Қолданылу мерзімі _____

Дата выдачи _____

Срок действия

Issued on _____ Expiry date _____

Кеме экипажының ең аз

құрамына қойылатын талаптарға

3-қосымша

Қазақстан Республикасы Ерекше жағдай туралы куәлік

Ескерту. Талаптар 3-қосымшамен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 23.04.2014 № 388 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Кеме туралы мәліметтер

Кеменің атауы _____
Шақыру сигналы _____
Тіркеу порты _____
Жалпы сыйымдылығы _____

—
IMO нөмірі _____
Порт және кету күні _____
Межелі порты және болжамды келу күні _____

Осымен кеменің төменде санамаланған мән-жайларды және қауіпсіздікті қамтамасыз ету шараларын назарға ала отырып, бортында кеме экипажының ең аз құрамы туралы куәлікте белгіленгеннен аз экипажбен рейс жасауы үшін порттан кету құқығы куәландырылады:

Ерекше жағдай туралы куәлік берілген мән-жайлар:

Теңізде жүзу қауіпсіздігі және ерекше жағдай туралы куәлік беру кезеңінде кемені қауіпсіз пайдалану мынадай шаралармен қамтамасыз е т і л е д і :

Осы Куәлік 10 жұмыс күннен аспайтын мерзімге берілді және осы Куәлік қоса берілген Кеме экипажының ең аз құрамы туралы куәліктің жарамды болуы шартымен 20 ____ жылғы «__» _____ дейін жарамды болады.

_____ теңіз портының капитаны берді

Қолы _____ Мөрі

Беру күні 20 ____ жылғы «__» _____